

Гельминтоз

Орындаған: Есберген Нарниза

Тексерген: Укибаева Ляззат



Гельминтоздар (грекше helmins, helminthos – іш құрт) – паразит құрттардың адаммен, жануармен және өсімдіктердің организміне еніп, көбеюі салдарынан пайда болатын ауру түрлері.

Гельминтоздар адамда сорғыш, таспа, жұмыр, т.б. құрттардың паразиттік тіршілігі салдарынан пайда болады. Гельминтоздардың аталуы ауру туғызатын құрттардың түріне қарай.


Олардың тек адамда (аскаридоз, энтеробиоз, т.б.) немесе адам мен малда қатар кездесетін гельминтозооздар (фасциолез, трихинеллез, эхинококкоз) түрлері белгілі. Гельминтоздарға қарсы арнайы дәрілер – антгельминттер қолданылады. Гельминтоздар ауыл шаруашылығы малдарында көп кездеседі, қазір оның 2000-нан астам түрі белгілі.



Сиыр цепенінің дене тұрқы 4-10 метрге деін жетеді. Ол адамның аш ішегінде паразиттік тіршілік етеді. Ересек цепень адам ішінде, ал оның дернәсілдері мүйізді ірі қараның денесінде дамитығындықтан, цепеннің иесі екеу: негізгі иесі - адам, аралық иесі - сиыр т. б. жануарлар болып табылады



Сиыр цепенінің денесінің алдыңғы жағында басы, қысқа мойны болады. Басында төрт дөңгелек сорғыштары бар. Осы сорғыштары арқылы ішекке бекінеді. Оның ауызы болмайды. Денесінде өте көп бунақтары болады. Бунақтары бас жағынан жаңарып өсіп отырады, сондықтан көлемі ұлғайып, дененің соңғы бөлігінде ені тарыла бастайды. Сонымен құрт денесіндегі бунақтарының көлемі әр түрлі болады. Бунақтарында жыныс мүшесі ғана болады. Паразитті тіршілік етуіне байланысты ас қорту т.б мүшелері мүлдем жойылған. Иесінің ішегіндегі қорытылған асты бүкіл денесімен сіңіреді.



Сиыр цепенінің тіршілік айналымы өте күрделі: көпшілігі бірнеше иелерді алмастыру арқылы өтеді. Негізгі иесі адамнан жерге түскен құрттың жұмыртқалары шөпке жабысып, оны жеген сиырдың қарнына түседі де, өте ұсақ дернәсілдерге айналады. Сиыр- сиыр цепенінің аралық иесі. Дернәсілдердің өткір алты қармақшасы болады, сол қармақшаның жәрдемімен қарынның қабырғасын тесіп, қанға өтеді де, сиырдың бүкіл денесіне таралады. Бұлшықеттерге орныққан дернәсілдер мөлшері кішірек асбұршақтай көпіршікке-финкаға айналады.


Личинка с
крючками

Финна

Окончательный хозяин

Яйца
цепня

Промежуточный
хозяин





Тазалық талаптары сақталмаған жағдайда адамға жұғуы мүмкін. Жұмыртқа қан арқылы көзге дейін жетіп, адам соқыр болып қалу қаупі туындайды. Жұмыртқаның мида дамуынан адам кенеттен дүние салып кету қаупі бар. Мұндай жағдай шала піскен шошқа етінен жиі жұғады, пайда болған ауру цистицеркоз немесе финноз деп аталады.

*Назарларыңызға
рахмет!*

